

## Дәрілік нысандардың номенклатурасына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 51 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 30-бабына, 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің 7-бабының 3-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 26-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 172 шешімімен бекітілген Дәрілік нысандардың номенклатурасы мынадай мазмұндағы 23.31<sup>1</sup> позициясымен толықтырылсын:

"23.31 <sup>1</sup> ."	перфузияға арналған ерітінді	ағзаны және тінді ишемиядан қорғау мақсатында тамыр ішіне және қуыс ішілік енгізуге арналған стерилді ерітінді".
------------------------	------------------------------	--

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*